



**Өскемен қаласы**

**2023 жылғы 21-24 қыркүйек**

### **Баспасөз хабарламасы**

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2023 жылғы 21-24 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласында офлайн форматта «Бояулар құпиясы» Республикалық жас суретшілер байқауын өткізеді.

Республикалық ауқымдағы шығармашылық байқауға қатысу арқылы қазақстандық патриотизмді, ұлттық мәдениетті құрметтеуді тәрбиелеу – бұл «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауының негізгі басымдықтары.

Республикалық байқауда өз өңірлерін үздік жас суретшілер – республикалық конкурстың облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының 132 жеңімпаздары ұсынады.

Бұл байқауға қатысу жас қатысушыларға қиял мен даралықты көрсетіп қана қоймай, көркемөнер саласындағы өз қабілеттері мен жетістіктерін көрсетуге, әлемге деген көзқарасын және Тәуелсіз Қазақстанның дамуын ашуға мүмкіндік береді.

Байқауға жас суретшілер классикалық, авангардтық және эксперименттік кескіндеме бағыттары бойынша «Менің елім - менің жерім», «Таланттар палитрасы» номинациялары бойынша жұмыстар ұсынады.

Байқауға өңірлік және республикалық кезеңдерде қатысу балалардың шығармашылық әлеуетін дамытады, кәсіптік білім алуға ықпал етеді, балаларды өткен мен бүгіннің ажырамас байланысын көруге, көргендеріне, түсінгендеріне және жүректерімен сезінгендеріне өз көзқарастарын шығармашылық жұмыс арқылы жеткізуге үйретеді.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдармен және сыйлықтармен, ал жеңімпаздар жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін телефондарға хабарласыңыз:  
8(7172) 64-75-92; e-mail: [rumcdo.muz@mail.ru](mailto:rumcdo.muz@mail.ru)